

АҚПАРАТТЫҚ ХАБАРЛАМА

Сарапшылардың зейнетақы жүйесінің қаржылық тұрақтылығы мен лайықтылығын арттыру бойынша ұсыныстары туралы сұрақтарға жауаптар *Мемлекеттік зейнетақы*

Бұған дейін [хабарлағанмыздай](#), республикада Қаржы нарығы мен жинақтаушы зейнетақы жүйесін қалыптастырудың бастауында тұрған қазақстандық сарапшылар, атап айтқанда: Григорий Марченко, Ораз Жандосов, Болат Жәмішев, Қадыржан Дамитов, Анвар Сайденов, Елена Бахмутова, Гүлфайрус Шайқақованың қатысуымен Мемлекет басшысына жүйенің тұрақтылығы мен қазақстандықтарды зейнетақымен қамсыздандырудың лайықтылығын арттыру жөнінде бірқатар [ұсыныстар](#) әзірлеп, жолдады.

БЖЗК-ның ақпараттық-талдамалық қолдау көрсетуі арқылы ауқымды халықаралық тәжірибе мен ұзақмерзімді экономикалық есептеулер негізінде әзірленген ұсыныстар кәсіби орталар мен жалпы қоғамда кең резонанс тудырды.

Көптеген пікірлер мен сұрақтар келіп түсті, олар қосымша түсіндіруді қажет етеді. Сауалдар санының көптігін ескере отырып, олар жүйелік мәселелерге және оларды шешуге арналған ұсыныстарға сәйкес бағыттар бойынша топталды.

Еңбек қызметі аяқталғаннан кейін зейнетақымен лайықты қамтамасыз етудің құрамдас бөлігі ретіндегі [мемлекеттік зейнетақыға](#) қатысты сұрақтардың бірінші топтамасына берілген түсіндірмелермен танысуға болады. Толық ақпарат алу үшін [сілтемеге](#) өту керек.

Сарапшылар ұсынған шараларды кешенді түрде қарастыру қажет екенін атап өткіміз келеді. Сондықтан, жақын арада сарапшылар тарапынан жасалған ұсыныстардың барлық бағыттары бойынша сұрақтарға жауаптар жариялауды жалғастырамыз.

БЖЗК 2013 жылғы 22 тамызда «ГНПФ» ЖЗК» АҚ негізінде құрылды. БЖЗК құрылтайшысы және акционері – Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің «Мемлекеттік мүлік және жекешелендіру комитеті» ММ арқылы Қазақстан Республикасының Үкіметі. БЖЗК зейнетақы активтерін сенімгерлікпен басқаруды Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі жүзеге асырады. Зейнетақы заңнамасына сәйкес БЖЗК міндетті зейнетақы жарналарын, жұмыс берушінің міндетті зейнетақы жарналарын, міндетті кәсіптік зейнетақы жарналарын, ерікті зейнетақы жарналарын тартуды, сондай-ақ "Қазақстан Республикасының екінші деңгейдегі банктерінде орналастырылған депозиттерге міндетті кепілдік беру туралы" Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес депозиттерге міндетті кепілдік беруді жүзеге асыратын ұйым аударған кепілдік берілген депозит бойынша кепілдік берілген өтемнің талап етілмеген сомасы есебінен қалыптастырылған ерікті зейнетақы жарналарын есепке алып, оның есебін жүргізеді, зейнетақы төлемдерін жүзеге асыруды қамтамасыз етеді. Сондай-ақ Қор нысаналы активтер мен нысаналы талаптарды есепке алуды, нысаналы жинақтау шоттарына нысаналы жинақтарды (НЖ) есепке алу мен есептеуді, НЖ төлемдерін оларды алушының банк шоттарына есептеуді, "Ұлттық қор – балаларға" бағдарламасы шеңберінде Қазақстан Республикасының Үкіметі айқындаған тәртіппен НЖ қайтарымдарын есепке алуды жүзеге асырады (толығырақ www.enpf.kz сайтында).